Жітіқара қаласы және Жітіқара ауданы прокуратурасы

БАЛАҢЫЗДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ СІЗДІҢ ҚОЛЫҢЫЗДА!

Баласының қылмыс құрбаны болғанын **қаламайтын**,
өз ауданы мен қаласында тыныштық пен тәртіптің **сақталуын**,
балаларға қатысты жасалған қылмыс үшін заңды жазаның орын алуын **қалайтын ата-аналар үшін**

ЖАДЫНАМА

Баланы ҚАУІПСІЗДІК сақтау ережелеріне үйретіңіз!

- көшеде бейтаныс адамдармен әңгімелесуге және оны үйге кіргізуге **болмайды!**
- кіреберіске, лифтке бөтен ер кісімен бірге кіруге **болмайды!**
- бейтаныс адамнан сыйлық алуға және онымен бөтен жерге баруға **болмайды!**
- арақұмар, нашақор, қылмыс жасауға бейім адамдармен байланыс құруға **болмайды!**

Балаңызға бөтен адамдарға **ЖОҚ** деп айтуды үйретіңіз!

- Балаларға тиісінше жыныстық тәрбие беруге **уақыт бөліңіз.**
- Қыз балалардың өз жасына сәйкес киім киюін **қадағалаңыз.**

Балаңыздың ИНТЕРНЕТКЕ кіруін шектеңіз

- Статистикалық мәліметтерге сәйкес көп жағдайларда зорлаушылар мен педофилдер өз құрбандарын **интернет** желісі арқылы табады.
- Үйдегі компьютерге және балаңыздың ұялы телефонына анонимдік таныстық сайттарына кіруді шектейтін **арнайы бағдарлама орнатыңыз!**
- Балаңыздың интернет және ұялы телефон арқылы кіммен қарым-қатынас жасайтынын үнемі **қадағалаңыз!**
- Балаңыздың бос уақытын қалай өткізетінін **бақылаңыз**. Болған оқиғалар туралы балаңыз Сізге жасырмай айта алатын қатынас орнатыңыз!
- Басқа балалардың ата-аналарымен **кеңесуге** және ақпарат алмасуға ұялмаңыз!



Ең бастысы, балаға деген Сіздің махаббатыңыз бен көңіліңіз екенін есте сақтаңыз!

- Балаңызбен **сенімді** қарым-қатынас орнатыңыз. Жанұяда махаббат, мейірім және түсінушілік жетіспейтін балалар қайғыға жиі ұшырайды.
- Балаңыздың Сізге деген **сенімін бағалаңыз**, оның проблемаларына назар аударыңыз!
- Қандай да бір қылмыс туралы күдік пайда болған жағдайда жедел **полицияға хабарлаңыз**!

Есіңізде болсын! *Баланың жан күйзелісіне деген Сіздің немқұрайлығыңыз, оны өмірімен мезгілсіз қоштасуға итермелейді!*

СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ

Жастар мен балалар үшін Ұлттық сенім желісі	**150, 11616 87081060810**
Жітіқара қаласы және Жітіқара ауданы полициясы	**102, 714-35-2-09-02**
Жітіқара қаласы және Жітіқара ауданы прокуратурасы	**714-35-2-17-98**

Жітіқара қаласы және Жітіқара ауданы прокуратурасы

САҚТЫҚТА ҚОРЛЫҚ ЖОҚ!

АЛАЯҚТАРҒА АЛДАНЫП ҚАЛМАҢЫЗ!

алаяқтардан қалай сақтануға болатыны туралы ЖАДЫНАМА

ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ жасалатын алаяқтық схемалар!

- **«Сіздің туысыңыз жол-көлік оқиғасына кінәлі.., біреуді ұрды немесе есірткімен ұсталды».** Алаяқ өзін полиция қызметкері немесе туысыңыз ретінде таныстырып, қылмыстық жауаптылықтан босату үшін ақша талап етеді.
- **«Сіздің банк картаңызға алдын ала төлем жасағымыз келеді».** Мысалы, Сіз интернетте жылжымайтын мүлік, автокөлік немесе басқа бір тауарды сату туралы **хабарлама** жарияладыңыз. Сатып алушы Сіздің затыңызды қарамай аламын дегенге **сенбеңіз**. Банк картаңыздың номерін, СМС-құпиясөздерді ешкімге **айтпаңыз**. Алдын ала төлемді банкоматқа барып алыңыз деген «сатып алушының» **сөзіне ермеңіз**.
- **«Бұрын алған дәрі-дәрмектер үшін Сізге ақшалай өтемақы береміз», «Сіздің картаңыз бұғаттаулы», «Сіз автокөлік ұттыңыз», «Шотыңызға *** теңге түсті».** Бұндай СМС-терге жауап бермеңіз. Оларға банк картаңыздың номерін **айтпаңыз**, ақша **жолдамаңыз**.
- **«Өз фотоңызды келесі сілтеме арқылы көріңіз...».** СМС-хабарламамен немесе электронды поштамен келген күмәнді сілтемелерді ашпаңыз.

Қауіпті ИНТЕРНЕТ-дүкеннің негізгі белгілері

• **ТӨМЕН БАҒА.** Алаяқтардың дүкеніндегі баға басқалармен салыстырғанда анағұрлым арзан. «Науқан», «тауар саны шектеулі», «сатып алуға асығыңыз» деген сөздерге мән бермеңіз.

• Сатушылардың **ШАМАДАН ТЫС** табандылығы. Интернет-дүкеннің өкілі тапсырысты рәсімдеуге және ақшасын төлеуге асықтырса, бұндай сатып алудан бас тартыңыз.

• Курьерлік жеткізу мен тауарды өзіңіз **алып кету мүмкіндігінің ЖОҚТЫҒЫ**. Айлакер тауарды жолдау туралы жалған түбіртектерді ұсынады, транспорттық қызметтің төлемін сұрап, тікелей кездесуден жалтарады.

• Сатушының немесе интернет-дүкеннің бұрынғы сатылымдарының **ЖОҚТЫҒЫ**. Бірнеше күн бұрын ғана тіркелген парақшалар да қауіпті.

• Мәміле ашықтығының дәлелі ретінде сатушы өз төлқұжатының фотосын **ЖОЛДАЙДЫ**. Алаяқтар көбіне **жалған** немесе **басқа адамның** құжаттарын жолдайды.

• **АЛДЫН АЛА ТӨЛЕМ СҰРАУ**. Анонимдік төлем жүйелері, жеке адамның банкілік картасына төлем жасау туралы ұсыныстарға күмәнмен қараңыз. Бұл жағдайларда тауарды алу немесе қайтару мүмкіндігі жоқ.

• Бөтен адамдарға үйіңіздің **ЕСІГІН АШПАҢЫЗ**. Алаяқтар өздерін коммуналдық қызмет, полиция, емхана өкілдері ретінде таныстыруы мүмкін. Сол қызметке телефон соғып, келген адамның кім екенін нақтылаңыз.

• Сыйлықтардың ұтыс-ойынына, керемет әсері бар дәрілердің, арзан заттардың сатылымына **ШАҚЫРТУЛАРҒА КЕЛІСПЕҢІЗ**!

• Балаңызға өз заттарын (ұялы телефон, планшет және т.б.) далада бөтен адамдарға, өздерін полиция қызметкері деп таныстырса да, бермеуге **ҮЙРЕТІҢІЗ.**

• Сізді алдап жатқаны туралы ой туындаған жағдайда **ПОЛИЦИЯҒА** қоңырау шалуға ұялмаңыз.

• Жақсы **жұмысқа орналастыруға**,
• Ақысыз **оқуға түсіруге**,
• Банктен **тиімді несие** алып беруге,
• Мемлекеттік **тұрғын-үй**, төлемдер мен субсидиялар алуға **КӨМЕК КӨРСЕТЕМІН** деген адамнан сақтаныңыз!

*Ол сізге тек **зиянын тигізеді**!*
Көбіне мұндай адамдар сенімді көрінеді, іскерлік стильде киініп, сыпайы сөйлеседі!
***Ақшаңызды** оған бермеңіз! Оның **алаяқ** болуы әбден мүмкін!*

Жітіқара қаласы және Жітіқара ауданы полициясы	**714-35-2-09-02** **102**
Жітіқара қаласы және Жітіқара ауданы прокуратурасы	**714-35-2-17-98**

Жітіқара қаласы және Жітіқара ауданы прокуратурасы

ЕСІРТКІГЕ ТӘУЕЛДІ БОЛМА!

ӨЗІҢЕ және ӨЗ ЖАҚЫНДАРЫҢА ЗИЯН ТИГІЗБЕ!

ата-аналар мен өскелең ұрпаққа арналған

ЖАДЫНАМА

ЕСІРТКІНІ ПАЙДАЛАНУ БЕЛГІЛЕРІ

Мен өз баламның қайда және кіммен екенін әрқашан білемін!

- Бірдеңе жасырғандай өз бөлмесінде **жеке қалуға** тырысады.
- Өте жылдам немесе тым баяу **сөйлейді**.
- Үйден ақша мен заттар **жоғала бастайды**.
- **Тәттіге** құмартып, көп **су** іше бастайды.
- **Ашуланшақ** және сөйлесуге құлықсыз болады.
- Көз жанары әдеттегіден басқаша **жылтырай** бастайды. Көзінің қарашығы үнемі **үлкейіп** немесе кішкене **нүктедей** болып тұрады.
- Тістері әлсіреп, терісі мен шашы **құрғайды**.
- Қолдары, аяғы, қолтығында **ине іздері** пайда болып, тамырлары қалың және көк бола бастайды.

Есірткі тұтынатын адамдарда кездесетін заттар:

- шприц пен инелер;
- қапталған фольга;
- күйген қасық;
- резеңке жгут, катетер немесе оралған шүберек;
- шылым шегетін трубкаға ұқсас заттар;
- дәрі-дәрмектердің бос ыдыстары;
- қиылған «терезесі» бар темір банка;
- 0,3-0,5 литрлік пластик шөлмек.



ЖАЛҒАН ШЫНДЫҚ

Ауруды емдегенше, оны болдырмаған дұрыс

- Бір реттен ешқандай зиян келмейді, сен жылдам үйреніп кетпейсің және кез-келген уақытта бас тарта аласың.
- **Есірткіні бір рет тұтынудың өзі денсаулыққа зиян тигізіп, үйрену мен ТӘУЕЛДІЛІК алып келеді.**
- Анаша, синтетика, спайс сияқты жеңіл есірткілер қауіпсіз. Тамырға салмаса тәуелділік болмайды.
- **Кез-келген есірткі түрі – У. Тұтыну әдісіне қарамастан оның зардаптары бірдей.**
- Есірткілер проблемаларды шешуге көмектеседі және өмірді қызықты етеді.
- **Бұл иллюзия! Есірткі ешқандай проблемаларды шешпейді, керісінше өзі күрделі проблемаға айналады. Есірткі адам өмірін қызықты етпейді, олар оны қысқартады және ӨЛІМГЕ әкеп соғады.**

«ЖОҚ» деп айта біл!

Әр адамда жеке, жарқын, еркін және есірткісіз жол таңдай алатын күш бар

- **«Маған бұл керек емес», «Мен өз денсаулығыма зиян тигізгім келмейді», «Бұл мен үшін қауіпті»** деп айту жеткілікті.
- Басқалар тарапынан қысымға әрдайым дайын бол. Оған **ҚАРСЫ** тұрып, **БАС ТАРТА** біл.
- Уақытыңды спорт, оқу, музыка, жүзу, кітаптар, жаттығу залы сияқты **ПАЙДАЛЫ** заттармен айналысуға жұмса.
- Шешім қабылдағанда тәуелсіз болып көрінуге **ҚОРЫҚПА**. Қазір **ДЕНІ САУ** және белсенді адамдар жоғары құрметке ие.

- **Есірткіні заңсыз тұтыну, жасау, сақтау, сатып алу, тасымалдау, сату және жарнамалау үшін ӨМІР БОЙЫНА БАС БОСТАНДЫҒЫНАН айыруға дейінгі мөлшерде қылмыстық жауаптылық көзделген.**

СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ

Жастар мен балалар үшін Ұлттық сенім желісі	**150, 11616 87081060810**
Жітіқара қаласы және Жітіқара ауданы полициясы	**102, 714-35-2-09-02**
Жітіқара қаласы және Жітіқара ауданы прокуратурасы	**714-35-2-17-98**